

«С.Шарипов атындағы Доссор мектеп-интернаты» КММ
«Қамқоршылық» кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ

30.06.2023ж

Қамқоршылық кеңес төрағасы: М.Галиев

Қамқоршылық кеңес мүшелері: А.Уразғалиева - ата-ана

М.Бисенбаева - мектеп инспекторы

Д.Еримов - Доссор мәдениет үйінің қызметкері

Р.Султанова – ата- ана

Г.Есахаева - ата - ана

Күн тәртібінде:

1. Білім беру ұйымын мемлекеттік аттестаттау шеңберінде өзін - өзі бағалау қорытындысымен таныстыру.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі І мәселе бойынша мектеп директоры Б.А.Тиышбаева өзін - өзі бағалау қорытындысын айтып өтті.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 59-бабына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті Атырау облысы Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар туралы» 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығының қосымшасына сәйкес «С.Шарипов атындағы Доссор мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2023 жылдың 30 мамыр-30 маусым аралығында білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын өткізді.


Комиссия құрамы бағалау өлшемшарттарына сәйкес екі оқу жылына талдау жасады. Сонымен қатар бағалау өлшемшарттарының қосымшаларына сәйкес сандық, сапалық көрсеткіштерді толтырды.

Өзін-өзі бағалау қорытындысының есебімен комиссия мүшесі Ә.Ибатоллина таныстырып өтті.

Шешім:


1. Комиссия жұмысының нәтижесі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» талаптарына сай деп танылсын.
2. Мектепті өзін өзі бағалау қорытындысы «жақсы» деп бағалансын.

Кеңес отырысының төрағасы:



М.Галиев

Кеңес отырысының хатшысы:



Қ.Танғалиев